


**Техникалық сипаттама
(ЛОТ № 3)**


№	Атауы	Сипаттамасы	Саны
1	STEM кабинеті	Бағдарламаланатын ұшқышсыз ұшу аппаратының (БПЛА) конструкторы	1
		Негізгі жиынтық Lego Education SPIKE (жасы 10+)	5
		Ресурстық жиынтық Lego Education SPIKE Prime (жасы 10+)	5
		Универсалды Arduino роботтар жиынтығы Arduino – бұл кез келген тапсырмаға бейімделетін әмбебап контроллер. Ол сағат, будильник, робот және басқа да электрондық құрылғылар жасауға мүмкіндік береді. Платаға әртүрлі перифериялық құрылғылар (батырмалар, температура, қысым, жарық, үдеу және басқа датчиктер), жарықдиодтар және сұйықкристалды индикаторлар қосуға болады. (Жасы 13+)	5
		Qbit конструкторы Оқушыларды бағдарламалауға, гаджеттер мен роботтар құрастыруға және ғылымның жұмыс принциптерін түсінуге үйретеді. Робототехника сабақтарына, үйірмелер мен өздігінен оқуға арналған.	5
		ElecFreaks Nezha	5
		ElecFreaks AI Camera (жасанды интеллект камерасы)	5
		ElecFreaks Experiment Box (тәжірибе қорабы)	5
		DOBOT Magician роботтандырылған манипуляторы (иінтірек)	1
		FCJJ-11 Fuel Cell Car Science Kit HOT Horizon компаниясының отын элементтерімен жұмыс істейтін автокөліктерге арналған ғылыми жиынтық. Қазіргі уақытта әлем бойынша енгізіліп жатқан отын элементтері технологиясының негізгі принциптерін үйретуге арналған үздік оқу құралы.	1
		FCJJ-37 Renewable Energy Education Set 2.0 HOT Қалпына келтірілетін энергия көздері бойынша ғылыми жиынтық. NASA аэродинамикалық пішініндегі қалақшалары бар жел турбиначасы немесе күн батареясы арқылы шағын масштабта таза энергия жүйесінің жұмысын көрсетеді.	1
		FCJJ-40 Horizon Energy Box HYDROFILL PRO 1 «Қалпына келтірілетін энергия» Бұл жинақ отын элементтері технологиясының қалпына келтірілетін энергия көздерімен өзара әрекеттесуін толық көрсетеді. Күн, жел, механикалық (кинетикалық) энергия және суперконденсатордың энергия сақтау әлеуетін тәжірибе жүзінде таныстырады.	1
	Барлығы		40

Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры




А.Ошибаева

Ғылымды дамыту жөніндегі жобалық кеңсе басшысы



А.Айымбетова

Ғылым департаментінің жетекші маманы



Т.Джатаев

ТӨЛЕМ ЖӘНЕ ЖЕТКІЗУ ШАРТТАРЫ

Құны және жеткізу шарттары

Тауардың құны барлық салықтар мен алымдарды, соның ішінде қосылған құн салығын (ҚҚС), сондай-ақ жеткізуді жүзеге асырумен байланысты барлық ықтимал төлемдерді, баж салығын, көлік және өзге де шығындарды қамти отырып, сатып алушының қоймасына дейін жеткізу шартымен көрсетіледі.

Егер жеткізілетін тауардың ерекшелігі қосымша жұмыстар мен қызметтерді жүргізуді талап етсе, тауардың құнына **міндетті түрде барлық қажетті қызметтер**, соның ішінде монтаждау, іске қосу-баптау жұмыстары және тапсырыс беруші персоналын пайдалану және қызмет көрсету ережелеріне оқыту қызметтері **енгізілуі тиіс**.

Сәйкестік және тауар сапасы

Жеткізуші жеткізілетін тауарды Қазақстан Республикасының аумағында пайдалануға қажетті барлық рұқсаттар мен сәйкестік құжаттарының бар екенін растайды және оған кепілдік береді. Тауар Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын санитариялық-экологиялық, табиғатты қорғау және өзге де нормативтік талаптарға толық сәйкес келуі, сондай-ақ қолданыстағы заңнамаға сәйкес барлық сараптамалар мен сынақтардан өтуі тиіс. Аталған талаптардың сақталғаны тиісті құжаттармен расталуы қажет. Жеткізілетін тауар жаңа, пайдаланылмаған, ақаусыз және үшінші тұлғалардың қандай да бір құқықтарымен ауыртпаланбаған болуы тиіс.

Кепілдік міндеттемелер

Жеткізілетін тауарға кепілдік мерзімі оны пайдалануға берген күннен бастап кемінде 12 (он екі) айды құрауы тиіс. Техникалық қызмет көрсету жұмыстары пайдалану құжаттамасының талаптарына сәйкес орындалу қажет.

Төлем шарттары және аванстық төлем

Аванстық төлемнің мөлшері келісімшарттың жалпы сомасының 50 %-на дейін болуы мүмкін. Аванс мөлшері тапсырыс берушінің сатып алу комиссиясының шешімімен университеттің ішкі ережелеріне сәйкес айқындалады.

Сатып алушы жеткізушіден аванстық төлем сомасына баламалы мөлшерде қамтамасыз ету құжатын ұсынуды талап етуге құқылы.

Қамтамасыз ету құжаты төмендегі нысандардың бірінде ұсынылады:

- Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және банк қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар екінші деңгейдегі банк берген қайтарып алынбайтын банктік кепілдік;
- Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және сақтандыру қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар сақтандыру ұйымымен жасалған жеткізушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарты.

Жеткізу мерзімі

Тауар келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 45 (қырық бес) күнтізбелік күннен кешіктірілмей жеткізілуі тиіс.